

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің  
ордағы жөніндегі проректоры  
Нүсіпбеков Б.Р.

2020ж.



**БІТІРУШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН  
қорытынды аттестатау жүргізу бойынша  
НҮСҚАУЛЫҚ**



Қарағанды 2020ж.

## БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

1. Этикалық нормалар кодексін және академиялық адалдық кодексін қатаң сақтау;
2. Қолжетімді байланыс арналары арқылы қорытынды аттестаттауды өткізу кестесі мен тәртібімен танысу;
3. Ғылыми жетекшісімен және комиссияның техникалық хатшысымен күнделікті байланыста болу;
4. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей кафедраға қорғауға жіберу үшін барлық **қажетті құжаттарды ұсыну**:
  - диплом жұмысын (электронды форматта);
  - «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелді қорытынды берілген диплом жұмысының ғылыми жетекшісінің пікірі;
  - қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың жан-жақты сипаттамасы және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы мен бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды берілетін дипломдық жұмысқа рецензия;
  - бітіртуші кафедраның қорғауға ұсыныс туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан үзінді көшірме);
  - дипломдық жұмысты плагиат мәніне тексеруден өткендігі туралы анықтама;
  - нормалық бақылаудан өткендігі туралы анықтама
5. Дипломдық жұмысты қорғаудан бір күн бұрын техникалық хатшыға **презентациямен** бірге **баяндама** (сөз сөйлеу) мәтінін жіберуге тиісті;
6. Қорытынды аттестаттау рәсімі басталғанға дейін үй-жайды дайындауды жүзеге асырады. Тапсырушы бөлмеде жалғыз болады. Қорытынды аттестаттау үшін тікелей пайдаланылатындардан басқа электрондық құрылғылар болмауы тиіс.
7. Қорытынды аттестаттау кезінде веб-камераның көріну аймағынан шықпауы тиіс;
8. Мемлекеттік емтихан және дипломдық жұмысты қорғау кезінде үшінші тұлғаларды тартуға және (немесе) бөгде тұлғаларға электрондық құрылғыларды пайдалануға рұқсат беруге тыйым салынады;
9. Аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысы талабы бойынша жеке басын верификациялаудан өту, өзінің тегін, атын анық айту;
10. Техникалық ақаулар болған жағдайда (егер жарық өшірілген болса, интернет жоғалса, басқа жағдайлар) факультет деканы және/немесе топ кураторына ақаулар туралы хабарлау;
11. Қорытынды аттестаттау нәтижесімен келіспеген жағдайда апелляцияға беру; браузерде қойындылармен жүруге, басқа адамның кенестерін пайдалануға, шпаргалкаларды пайдалануға, телефон арқылы қоңырау шалуға және ескертусіз кетуге және кез келген іс-қимыл жасауға тыйым салынады.
12. Академиялық адалдық қағидаларын сақтайды.


*Білім алушы және (немесе) комиссия мүшесі қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде академиялық адалдық қағидаларын бұзған жағдайда оларға Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың академиялық саясатына сәйкес шаралар қолданылады.*

## 1. ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КЕШЕНДІ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ

### КЕШЕНДІ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ: ҚАШЫҚТАН ТЕСТІЛЕУ

Кешенді емтихан «Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ МАК» <https://gak.ksu.kz> ақпараттық жүйесі мен «Zoom.us» бағдарламасы негізінде өткізіледі.



### 1-кезең. Дайындық кезені:

Студент қорытынды аттестаттау рәсімі басталғанға дейін алдын ала мынадай дайындық жұмыстарын жүргізуі қажет:

- ✓ қорытынды емтихан тапсырылатын құрылғыға «Zoom.us» бағдарламасын орнату;
- ✓ бағдарламаға тіркелу кезінде білім алушы әрі қарай сәйкестендіру үшін қатаң түрде жеке куәлік немесе төлқұжат бойынша Т.А.Ә. белгілеп көрсетуі тиіс.

### 2-кезең. Бастапқы сәйкестендіруден (идентификациядан) өту:

Студент емтихан күні 30 минут бұрын <https://gak.ksu.kz> сілтемесі бойынша «Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ МАК» ақпараттық жүйесіне қосылады.


Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып, **бастапқы сәйкестендіруден өтеді.**

Білім алушының өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болуы тиіс.



### 3-кезең. «Zoom.us» платформасында онлайн-кездесу

1. Визуалды байланыс үшін білім алушы «Техникалық хатшыға жүгіну» (**Zoom-дағы бейнеконференцбайланыс**) сілтемесі бойынша ауысады және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы үшін техникалық хатшымен құрылған **конференцияға автоматты түрде түседі**.



2. «Zoom.us» бағдарламасының платформасында білім алушының жеке басын сәйкестендіру жүзеге асырылады. Осы рәсім кезінде конференцияның барлық қатысушыларының **Т.А.Ә.** бойынша дұрыс тіркелуі, қосылған **бейне-** және **аудио- байланыстың** болуы **міндетті** болып табылады.


3. Студент верификациялаудан өтеді. Бұл ретте студент өзінің тегін, атын анық айтады және қажет болған жағдайда құжатты көрсетеді. Техникалық хатшы алдын ала алынған жеке куәліктің (төлқұжаттың) көшірмесі бойынша емтихан тапсырушының жеке басын бейнекөрініспен сәйкестендіреді.

4. Емтихан тапсырушылардың қатысуы түгенделген соң кафедра меңгерушісі мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы/төрайымы және комиссия мүшелерімен таныстырады. Кешенді емтихан өткізу тәртібі туралы нұсқамалық жүргізеді.

5. Әрі қарай емтихан тапсырушылар конференция терезесін жаппай <https://gak.ksu.kz> жүйесіне өтеді.

### 4-кезең. Оп-line тестілеу:


<https://gak.ksu.kz> жүйесіне кіргенде техникалық хатшыға жеке нұсқаны алуға **сұрау салу** жіберіледі. Автоматты генерациялау әдісімен топтастырылған тапсырмалардың нұсқасы білім алушының жеке басын сәйкестендіру рәсімінен өткеннен кейін беріледі.



Студенттің жеке басын **растағаннан** және нұсқа берілгеннен кейін білім алушыға тиісті батырманы басу арқылы **нұсқаны қабылдау** қажет.



«Берілген кешенді растау және тестілеуді бастау» сілтемесін басу арқылы тестілеуді бастау. Онлайн-тестілеу кезінде экранда көрсетілген уақыт ішінде кез келген сұраққа жүгінуге, сондай-ақ өз жауабын өзгертуге болады. Барлық сұрақтарға жауаптар берілгеннен кейін, тестілеуді пайда болған «Тестілеуді аяқтау» сілтемесін басу арқылы аяқтауға болады.



!!! Кешенді емтиханға 2-3 пән кіреді, әр нұсқада жалпы 100 сұрақ болады.

!!! Тестілеу уақытының ұзақтығы 100 минутты құрайды. Тестілеу процесі белгіленген уақыт өткеннен кейін автоматты түрде үзіледі.

!!! Тестілеу нәтижелерімен емтихан тапсыру күні сағат 19.00-ден кейін өз ЖСН-і арқылы <https://gak.ksu.kz> сайтында таныса аласыз.

!!! Қорытынды аттестаттау барысында бейнежазба жүргізіледі.

!!! Техникалық хатшының байланыс деректерін сайттан жүктеп алуға қолжетімді <https://gak.ksu.kz>

## 2. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы дипломдық жұмысты қорғау

Дипломдық жұмысты қорғау «Zoom.us» бағдарламасы және «Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ МАК» <https://gak.ksu.kz> ақпараттық жүйесі негізінде жүргізіледі.

Дипломдық жұмысты қорғау аттестациялық комиссияның ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысуымен өткізіледі.

Диплом жұмысын бір қорғауды өткізу уақыты – 10-15 минут, оның ішінде

- ✓ дипломшының сөзі – 5 минут,
- ✓ баяндаманың мазмұны бойынша сұрақтар және оларға жауаптар – 3-5 минут,
- ✓ ғылыми жетекшінің және рецензенттің сөзі – 2 минутқа дейін,
- ✓ отырысқа қатысушылардың сөзі – 2 минутқа дейін.

**!!!** Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей кафедрада әр білім алушыға электронды (сканерленген) форматта қорғауға жіберу үшін барлық қажетті құжаттар пакеті қалыптастырылуы тиіс:

- 1) дипломдық жұмыс (материалды көшіруді болдырмайтын форматта);
- 2) ғылыми жетекшісінің пікірі;
- 3) диплом жұмысына рецензия;
- 4) бітіртуші кафедраның қорғауға ұсыныс туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан үзінді көшірме);
- 5) плагиат тұрғысынан дипломдық жұмысты (жобаны) тексеруден өту туралы анықтама,
- 6) нормалық бақылаудан өту туралы анықтама

1. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 30 минут бұрын білім алушы <https://gak.ksu.kz> сілтемесі бойынша «Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ МАК» ақпараттық жүйесінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып, **бастапқы сәйкестендіруден өтеді**. Білім алушының өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болуы тиіс.

Білім алушы «Техникалық хатшыға жүгіну» (**Zoom-дағы бейнеконференцбайланыс**) сілтемесі бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы үшін техникалық хатшымен құрылған конференцияға автоматты түрде түседі.

2. «Zoom.us» бағдарламасының платформасында білім алушының жеке басын анықтау жүзеге асырылады. Осы рәсім кезінде конференцияның барлық қатысушыларының Т.А.Ә. бойынша дұрыс тіркелуі, қосылған бейне- және аудиобайланыстың болуы міндетті болып табылады.

3. Студент верификациядан өтеді. Бұл ретте студент өзінің тегін, атын анық айтады және қажет болған жағдайда құжатты көрсетеді. Техникалық хатшы алдын ала алынған жеке куәліктің (төлқұжаттың) көшірмесі бойынша дипломдық жұмыс тапсырушының жеке басын бейнекөрініспен сәйкестендіреді.

4. Дипломдық жұмыстарды қорғайтын студенттердің қатысуы түгенделген соң кафедра меңгерушісі мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы/төрайымы және комиссия мүшелерімен таныстырады. Кешенді емтихан өткізу тәртібі туралы нұсқамалық жүргізеді.

5. Аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысы отырыста дипломдық жұмыстарды қорғайтын студенттердің тізімін жариялайды, кезектілік тәртібімен бітірушілерді қорғауға шақырады, әр жолы олардың тегін, атын, әкесінің атын, жұмыс тақырыбын жариялайды.

6. Білім алушыға сөз сөйлеу үшін 5 минутқа дейін уақыт беріледі. Қорғауға қажетті барлық иллюстрациялар алдын ала нақты және онлайн режимде көрсетуге ыңғайлы мөлшерде орындалуы тиіс. Презентацияны көрсету үшін техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда білім алушы қорғаудан бір күн бұрын оны техникалық хатшыға жібереді. Қорғау күні техникалық хатшы презентацияны экраннан көрсетеді.

7. Білім алушы презентацияны экранның көрсету тәртібі арқылы ұсынады, комиссия мүшелеріне камераның алдында баяндама (сөз сөйлеу) жасайды.

8. Аттестаттау комиссиясының мүшелері бітірушіге зерттеу тақырыбы бойынша сұрақтар қояды, бітіруші сұрақтарға жауап береді (регламент 3-5 минут).

9. Техникалық проблемалар туындаған жағдайда, комиссия мүшелерінің сұрақтары жазбаша немесе сөйлесуді пайдалана отырып, чат арқылы берілуі мүмкін. Бұл жағдайда техникалық хатшы сұрақтың авторын және сұрақтың мазмұнын айтады.

10. Дипломдық жұмысты қорғауды бағалау рәсімі осы күнге тағайындалған барлық студенттердің сөз сөйлеуі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Соңғы баға аттестаттау комиссиясының жабық отырысында алқалы түрде шығарылады.

11. Біліктілік беру бойынша дауыс беру рәсімі комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен алқалы талқылау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Дәреже беру жөніндегі комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері негізінде хаттама жасалады (әрбір білім алушыға жеке-жеке).

12. Осы күнге тағайындалған барлық білім алушылардың сөз сөйлеуі аяқталғаннан кейін 15 минуттан кейін студенттер қайтадан конференцияға шығады, онда қорытынды аттестаттау нәтижелері жарияланады.

## БІЛІМ АЛУШЫҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Себептер	Шаралар мен әрекеттер	Ескертпе
Қорытынды аттестаттау нәтижесімен келіспеген жағдайда	Аттестаттау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей келесі жағдайларда апелляцияға өтініш береді: <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тест тапсырмаларында дұрыс емес тұжырым бар;</li> <li>✓ тест тапсырмаларында дұрыс жауап жоқ;</li> <li>✓ тест тапсырмалары пәннің типтік және жұмыс оқу бағдарламасынан тыс;</li> <li>✓ техникалық себептер бойынша.</li> </ul> Өтініш <b>апелляциялық комиссия</b> төрағасының атына беріледі. Апелляциялық комиссия білім алушының өтініші түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн отырыс өткізеді, нәтижелері өтініш берушіге жеткізіледі.	<p><b>!!!</b> Өтініш формалары <a href="https://gak.ksu.kz">https://gak.ksu.kz</a> ақпараттық қосымшасында және «Студенттің жеке кабинетінде» орналастырылған.</p> <p><b>!!!</b> Өтініш бойынша жауап Сіз жүгінген нөмірге жіберіледі.</p> <p><b>!!!</b> Техникалық хатшы өтініш беруші студентке қайта өткізілетін отырыс күнін алдын ала хабарлайды.</p>
Техникалық ақау немесе ақпараттық жүйенің істен шығу орын алған жағдайда	Студент факультет деканына немесе топ кураторына хабарлайды. Қорытынды <b>аттестаттау</b> комиссиясының төрағасы/төрайымы атына өтініш береді және сол күні ватсап бойынша жібереді.	
Дәлелді себеп бойынша қорытынды аттестаттауға келмеген жағдайда	Білім алушы <b>аттестаттау комиссиясы</b> төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, себептердің дәлелді екенін растауды ұсынады және оның шешімі бойынша қорытынды аттестаттау рәсімінен комиссия отырысының басқа күні өтеді. Қайта өткізілетін отырыс күнін комиссия айқындайды.	
Презентацияны көрсету үшін техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда.	Білім алушы қорғаудан бір күн бұрын оны техникалық хатшыға жібереді. Қорғау күні техникалық хатшы презентацияны экраннан көрсетеді	<p><b>!!!</b> Техникалық хатшының байланыс деректері сайтта жүктеп алуға қолжетімді <a href="https://gak.ksu.kz">https://gak.ksu.kz</a></p>
<p>✓ <b>Оң бағаны жоғарылату</b> мақсатында мемлекеттік кешенді емтиханды қайта тапсыруға <b>рұқсат етілмейді</b>.</p> <p>✓ <b>«Қанағаттанарлықсыз»</b> баға алған студентке осы қорытынды аттестаттау кезеңінде мемлекеттік кешенді емтиханды қайта тапсыруға <b>рұқсат етілмейді</b>.</p>		